

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жанайдар Діңмұханбетұлы Алихан. Неге Қазақстанда Жапон, Өзбек/АҚШ, Корея, Қытай авто көліктері бағаланады

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.02.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/150372/>

Жанайдар Діңмұханбетұлы Алихан

Себебі Жапон, Өзбек/АҚШ, Корея, Қытай авто көліктері қолжетімді және нарықта бағаланады.

Жапон көліктерінің ішінде бағаланатын маркалар ол : Toyota, Lexus, Mitsubishi.

Ал оның ішінде модельдері : Corolla, Camry, Land cruiser, RX, LX, Pajero.

Бұл көліктердің нарықта бағаланатының себебі, бұл көліктер сапалы, әдемі және сенімді, жолда қалдырмайды. Барлық буындарыда бағаланады, жылы ескі болсада, себебі бөлшектерінде Қазақстанда тола.

Ал Өзбек ағайындылардың көлік маркалары бұл Chevrolet, Daewoo.

Chevrolet Cobalt — Қазақстанда өте танымал көлік, әр жерде 5-6 Cobalt көлік модельдері тұрады. Бағалары у дай қымбат болғанымен, бізде нарықта бұл модель бағаланады. Бағасымен сапасы сәйкес келмейді. 8 миллионға сіз жәй экономичный, қауіпсіздікі төмен көлік аласыз, бірақ жылы жаңа. Қазақтарды ұнататыны осы.

Daewoo Nexia — Бұл модельде Қазақстанда Оңтүстік аймақта жақсы бағаланады. Nexia өзінің бағасымен және қолжетімділігінің арқасында Қазақстан нарығында өте керемет бағаланады. Nexia автокөлігі Cobalt — тің егізі деп айтсақта болады, бірақ бағамен ғана ұқсастық жоқ.

Корея авто көліктері нарыққа баяғыдан бар, бірақ танымалдыққа жақында өзінің сұлулығымен кірді.

Оның ішінде Hyundai, KIA.

Қазақ нарығында бағаланатындары тек жаңа буындар. Hyundai Sonata/KIA K5 өздерінің сұлулығының арқасында Қазақстанда бағалана бастады және бағаларыда өсе бастады.

2020-2021 жылдары 9.800.000 деп тұрған Hyundai Sonata қазір 14.200.000 шамасында тұр. Sonata тек қана сұлулығымен емес, жаңа дизайнымен Қазақтарға ұнады. Sonata көлігінің салоны өте керемет және өзгеше. Монитор, орындық, руль бәрі жаңа дизайнда. Ал KIA K5 Қазақтарға ұнағаны ол көрінісі, фаралары қасқырдай секілді. Бұл K5 және Sonata екеуі ағайындылар, сол себептен салондарыда бір-біріне ұқсайды. Жаңа дизайн және болашақ !

Нарыққа жаңадан келген Қытайлық автокөліктер Қазақтарды өз бағасымен таңғалтты. Салонында бәрі бар, жаңа дизайнмен жасалған автокөліктер не бәрі 8 миллионмен 14 миллионның шамасында тұр. Бұл көліктердің бөлшектері аздығынан Қазақтарға онша қатты ұнамайды, бірақ бұл мәселеден ғана емес, аты Қытай болғаныда бар.

Сапасы төмен, сенімділік жоқ бірақ жақсысы жылы жаңа.

Бірақ нарықта бағаланатын Қытай авто көлігі бар, ол Zeekr. Тіпті Қазақстанда Zeekr атты жаңа автосалон ашылды.

Бағалары 18 миллионнан 30 миллионға дейін барады. Бұл көліктің ерекшелігі электромобиль екенінде.

Осымен Мақала соныға келді. Менің ұнататын автомаркам бұл Toyota, ал сіздікі қандай ?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.